

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне аккредитивтерді ашу және олардың қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 1332 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының 002 "Республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарын дамыту" бағдарламасының 005 "Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру" бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің:

Ақмола облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Ақмола жолдары" ААҚ-пен жасасқан 2004 жылғы 16 ақпандағы N 2 мен N 3 және Алматы қаласының "Қазжолжоба" ААҚ-пен жасасқан 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 12 және Астана қаласының "Қазжолжоба" ААҚ-пен жасасқан 2004 жылғы 3 тамыздағы N 17 шарттарға сәйкес;

Ақтөбе облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Прогресс" корпорациясы" қауымдастығымен жасасқан 2004 жылғы 15 қаңтардағы N 6 шартқа сәйкес;

Алматы облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Жол Консалтинг" ЖШС-мен жасасқан 2004 жылғы 4 наурыздағы N 7 шартқа сәйкес;

Шығыс Қазақстан облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Consult LTD" ЖШС-мен жасасқан 2004 жылғы 3 наурыздағы N 13 шартқа сәйкес;

Жамбыл облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына Алматы қаласының "Қазжолжоба" ААҚ-пен жасасқан 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 24 шартқа сәйкес;

Қостанай облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Қостанай жолдары" ААҚ-пен жасасқан 2004 жылғы 5 сәуірдегі N 11 шартқа сәйкес;

Қызылорда облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Consult LTD" ЖШС-мен жасасқан 2004 жылғы 4 наурыздағы N 2 және N 3 шарттарға сәйкес;

Маңғыстау облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқармасына "Қазақавтожол" РМК-мен жасасқан 2004 жылғы 19 мамырдағы N 16 шартқа сәйкес;

Оңтүстік Қазақстан облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен

құрылысы басқармасына "Шымкент Қазжолжоба" ЖШС-мен жасасқан 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 5 шартқа сәйкес аккредитивтерді ашу және олардың қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК